

**«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ – сі педагогикалық кеңес  
отырысының**

**№ 1 хаттамасы**

31 тамыз 2022 жыл

Қатысқандар: 42

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.
2. ҚР «Білім туралы Заңын іске асыру мақсатындағы» Білім және ғылым министірлігінің, облыстық білім департаменті, аудандық білім беру бөлімі басшысының 2022-2023 оқу жылының басталуын ұйымшылдықпен өткізу туралы бұйрықтармен педагогикалық ұжымды таныстыру.
  - 1) «2022-2023» оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы (ӘНХ шолу)
  - 2) 2022-2023 оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстыру, бекіту.
  - 3) 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысы.
  - 4) 1 және 10-сыныпқа қабылдау, тізімді бекіту.
  - 5) Әдістемелік бірлестік құру, әдістемелік бірлестік жетекшілерін бекіту.
  - 6) Сынып жетекшілері бірлестігін құру, сыныптарға сынып жетекшілерін бекіту, мұғалімдердің апталық жүктемелеріндегі толықтырулар мен өзгертулерді есепке алып бекіту, аттестаттау комиссиясын бекіту туралы.
  - 7) 1 - қыркүйек «Білім күні» салтанатты жиын жоспарымен таныстыру, бекітуге ұсыну.
  - 8) Қосымша міндеттер жүктеу туралы бұйрықпен таныстыру.
  - 9) Өртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Мектеп директоры К.С.Байғалиев педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі сұрақтарымен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды. Педагогикалық кеңес құрамы қайта сайланып, бекітілді.

Күн тәртібіндегі 1,2 сұрақтар төңірегінде ОІМ Қ.Т. Ашимханов сөйледі.

2022-2023 оқу жылында басшылыққа алынатын бұйрықтар мазмұнымен таныстырып өтті. ӘНХ таныстырып, енгізілген өзгертулер мен өзгешеліктерді назарға ұсынды.

Оқу жылының ұзақтығы, вариативтік компонентінің өзгерістері, пәндердегі өзгерістер, оқулықтармен қамтамасыз етілу, оқу жетістіктерінің бағалануы туралы, қажетті құжаттар тізбесі туралы нақты ақпараттар мен басшылыққа алынатын құжаттар тізбесі таныстырылды.

Күн тәртібіндегі келесі сұрақ, яғни, 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысын таныстырып өтті.

Пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің басшылыққа алатын құжаттар тізбесі назарға ұсынылды.

**Сөйледі:**

Мектеп директоры Байғалиев К.С. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы туралы сөз қозғады.

ОІМ Ашимханов Қ.Т. 1 және 10 сыныпқа қабылдау туралы бұйрығымен таныстырды. «Қабілет», «Мың бала» жобаларына қатысу туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Пән олимпиадаларының өтуі, олимпиада резервтері жұмыс жоспары туралы айтып өтті.

**Сөйледі:**

Мектеп директоры Байғалиев К.С. , пән мұғалімдері Жаксыбаев С.Ж. пен Балтабаев Д.К.-на желтоқсан айына жоба дайындап, таныстыруды тапсырды.

Күн тәртібіндегі келесі сұрақ ӘБ және ӘБЖ-рі туралы ОІМ Ашимханов Қ.Т. сөз қозғады. Жетекшілер ұсынылып, дауысқа салынып, ұсынылды.

ӘБ жетекшілер болып келесі ұстаздар тағайындалды:

Бастауыш сыныптар бірлестігі Доненбаева С.Б.

Гуманитарлық пәндер бірлестігі: Бейсенбина А.С.

Жаратылыстану – математика пәндер бірлестігі-(политехникалық Аманжолова А.Т.)

Жаратылыстану пәндер бірлестігі – Сулейменова С.М.



ОИМ Унускаева Д.Б. «Инклюзивтік білім беру» , «Біліктілікті көтеру курстары» туралы мағлұмат ұсынып, өткен оқу жылы бойынша ақпарат беруді сұрады.

Күн тәртібіндегі келесі сұрақтар бойынша ТІМ Тагаева Г.Ж. сөйледі.

Сыныптар мен сынып жетекшілік туралы, Сан. нормалар туралы қажетті ақпараттар ұсынды. Ата-аналар жиналысы, «Әкелер» мектебі, «Аналар» мектебі туралы сөз қозғады. «Білім күні» туралы ақпарат ұсынылды.

**Сөйледі:** Мектеп директоры даярлық топ, кіші орталық тәрбиешілеріне тапсырмалар беріп, оқу іс-әрекетін сәйкесінше ұйымдастыруды тапсырды.

### **Қаулы:**

1. Педагогикалық кеңес құрамы қайта сайланып, сәйкесінше бекітілсін.
2. 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспарға сәйкес жылдық жоспар және оқу, тәрбие жоспары бекітілсін.
3. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілсін.
4. ӘБ жетекшілері жаңадан сайланып, сәйкесінше жұмыс жоспарларын ұсынсын.
5. «Әкелер және аналар» мектебінің жұмысын ұйымдастыру ТІМ Тагаева Г.Ж. жүктелсін.
6. Білім сапасын арттыруға бағытталған барлық тапсырмалар жүзеге асырылсын.
7. «Оқуға құштар мектеп» жобасының жұмысы өз жалғасын тауып, сәйкесінше жұмыстар атқарылсын.
8. Олимпиада резервтері, ғылыми жобалар сайысына қатысатын оқушылармен үздіксіз дайындық жұмыстары жүргізілсін.
9. Шығармашылықпен жұмыс жасау өз жалғасын тапсын.

Дауысқа салынды.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы:

Хатшы:

*DM*

Д.Д. Мухагова.



К.С. Байғалиев

**“К.Шакенов атындағы орта мектебі” КММ-а педагогикалық кеңес  
отырысының № 2 хаттамасы**

02 қараша 2022 жыл

Қатысқандар: 40

Қатыспағандар: 2

**Күн тәртібінде:**

1. I тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысы.
2. Орыс тілі, қазақ әдебиеті сабақтарында қолданылатын белсенді әдіс-тәсілдер түрлері.
3. Мектепте ыстық тамақтың ұйымдастырылуы.
4. Әртүрлі мәселелер

**1. Тындалды.**

Мектеп директоры К.С.Байғалиев педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі сұрақтарымен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі 1- сұрақ бойынша ОІМ Ашимханов Қ.Т. сөз кезегін алды.

2022-2023 оқу жылын мектепте 1-11 сыныпта 278 оқушы бастады. Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша мектепті 274 оқушы аяқтап, білім сапасы 60 % көрсетті. I тоқсанның қорытындысы бойынша оқу үздіктерінің саны 49 оқушы, екпінді оқушылар саны 103 оқушы. Білім сапасы 60 % мектеп бойынша бастауыш сыныптарда білім сапасы 68 % өткен жылмен салыстырғанда білім сапасы өзгеріссіз қалған жекелей сыныптарда 3 «А» сыныбында білім сапасы 69-80 % көтерілген.

5-9 сыныптарда білім сапасының қорытындысы келесідей болып келеді:

5 «А» сыныбында 67 %-дан 60 % төмендеген

5 «Ә» сыныбында 6 %-дан жоғарылаған

6 «Ә» сыныбында 53 % - 46 % төмендеген

7 «А» сыныбында 61 % - 54 % төмендеген

8 «А» сыныбында тұрақты 58 %

8 «Ә» сыныбында 54 % - 63 %-ға жоғарылаған

9 «А» сыныбында 42 % - 36 %-ға жоғарылаған

9 «Ә» сыныбында 46 % - 53 %-ға жоғарылаған

Өткен оқу жылымен салыстырғанда оқу үздіктерінің саны 3 оқушыға, оқу екпінділерінің саны 4 оқушыға азайған.

I тоқсанның қорытындысы бойынша 1 сабақтаң “3” деген бағаланған оқушылар 5 «А» сыныбынан Қайрат А., Данабекұлы А. 6 «А» сыныбынан математика пәні бойынша



10-11 сыныптар бойынша білім сапасы төмендегідей болып келеді:

10 «А» сыныбында б.с. - 70 % тұрақты

10 «Ә» сыныбында б.с. - 53 % тұрақты

11 «А» сыныбында б.с. - 62 % тұрақты

Сәйкесінше төмендегідей жұмыстар ұсынылады:

1. Білім сапасын төмен көрсетіп 6 “А”, 6 “Ә”, 7“Ә”, 9“А” сыныптарын мектепшілік бақылауға қойып, жұмыс жүргізу.
2. Пән мұғалімдерінің өз пәндерінің сапалы жүргізілуіне баса назар аудару.
3. Пән мұғалімдері оқушыларға қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалауды дұрыс жүргізу.
4. Пән мұғалімдері өзі сабақ беретін сыныптардың сынып жетекшілерімен үнемі байланыста болу.
5. Сынып жетекшілер ата-аналармен үнемі байланыста болып, ата-аналар тарапынан балаларының біліміне баса назар аударту.
6. Мектеп әкімшілігі білім сапасын арттыру мақсатында сабақтарға қатысып, бақылау жүргізіп, мониторинг жасап отыру.

Күн тәртібіндегі 2 - сұрақ бойынша гуманитарлық пәндер бірлестігінің мұғалімдеріне сөз кезегі берілді. Орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері Болт. Н.В., Жакупбекова Э.М. аталмыш тақырып аясында өз баяндамаларымен таныстырып өтті.

Келесі кезекте Болт. Н.В. және Жакупбекова Э.М. “Сингапурская методика” негізінде “5 минутная задача” атты танымдық, топтық ойын ойнатып, көрсетті. 9 мұғалім ортаға шақырылып, “Прием Фрейера” әдіс-тәсілі арқылы, тапсырмалар ұсынып, тәжірибе жүзінде аталған әдіс-тәсілдердің қалай жүзеге асатындығын көрсетіп шықты.

Келесі кезекте қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Бажаева Т.М. “Қазақ әдебиеті пәнін оқытудағы белсенді әдіс-тәсілдер” атты өз баяндамасымен таныстырып өтті. Аталған пән бойынша қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болатындығын презентация арқылы көрсетіп, түсіндірді.

Күн тәртібіндегі 3 - сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж. сөйледі.

2022-23 оқу жылының I тоқсанында көпбалалы, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардан 99 оқушы тізімге алуға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Орташа күнкөріс деңгейі жан басына шаққанда 30036 тг құрайды. Көпбалалы отбасынан 43 бала көмек алмайды, толық емес аз қамтылған отбасынан 9 бала, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқы бар отбасыларынан шыққан 47 бала жеке кәсіпкер Тостаганова Бағжан наурыз айынан бастап келісім шартпен оқушыларды тамақтандырады. Бракеражды

комиссия мүшелері тамақтың дайындалу сапасы бойынша бақылауда ұстайды. Күнделікті I ауысымда 73 бала, II ауысымда 26 бала тегін ыстық тамақ ішетін оқушылар кестеге сәйкес тамақтанады.

2023-2023 оқу жылында мектептің жалпыға білім беру қорынан ҚР Үкіметінің 08 тамыз 2022 жылдың №544 қаулысы негізінде 33 оқушыға мектеп формасы, 52 оқушыға кеңсе тауарлары берілді.

Әртүрлі сұрақтар төңірегінде мектеп директоры сөз кезегін алды.

Педагогтердің аттестациясы, курстар мәселесі “Оқуға құштар мектеп” мәселесі жайында тақырыптарға байланысты сұрақтар қойылып, сәйкесінше жауаптар алынды.

### Қаулы:

- 1) Сыныптар мен пәндер бойынша көрсетілген білім сапасының нәтижелеріне сәйкес барлық ұсыныстар мен тапсырмалар назарға алынсын.
- 2) Мектепшілік бақылау жүргізіліп отырсын, сәйкесінше жекелей пәндер бойынша тексеру жоспары құрылсын.
- 3) Политехникалық пәндер бірлестігінің апталығы жоспары құрылып, сәйкесінше жұмыс жоспары жүзеге асырылсын.
- 4) Мектеп бойынша ыстық тамақты ұйымдастыру қадағалауға алынсын.
- 5) Олимпиада резервтері, ғылыми жобалар сайысына қатысатын оқушылармен үздіксіз дайындық жұмыстары жүргізіліп отырсын.

Дауысқа салынды.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы:  К.С.Байғалиев

Хатшы:  Д.Д.Мухатова





**“К.Шакенов атындағы орта мектебі” КММ-сі педагогикалық кеңес  
отырысының № 3 хаттамасы**

24 қаңтар 2023 жыл

Қатысқандар: 41

Қатыспағандар: 1

**Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанының білім сапасына сараптама.
2. Формативтік бағалаудың тиімді әдіс – тәсілдерінің түрлері.
3. “Жақсы көңіл – күй жан азығы” психологиялық тренингі»
4. Мұғалімдерді аттестациялаудың ережесімен таныстыру
5. Мектепте ыстық тамақтың ұйымдастырылуы
6. Қосымша сұрақтар

**1.Тыңдалды.**

Мектеп директоры К.С.Байғалиев педагогикалық кеңес отырысының күнтізбесіндегі сұрақтарымен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі 1- сұрақ бойынша ОІМ Ашимханов Қ.Т. сөз кезегін алды.

II– тоқсанның қорытындысы бойынша оқу үздіктерінің саны 47 оқушы, екпінді оқушылар саны 113 оқушы.

Білім сапасы 63 %.

5-9 сыныптарда білім сапасының қорытындысы келесідей болып келеді:

2 «А» - 75 %    4 «А» - 60 %    6 «А» - 62 %    8 «А» - 58 %

2 «Ә» - 77 %    4 «Ә» - 69 %    6 «Ә» - 50 %    8 «Ә» - 63 %

3 «А» - 80 %    5 «А» - 66 %    7 «А» - 50 %    9 «А» - 50 %

3 «Ә» - 61 %    5 «Ә» - 60 %    7 «Ә» - 45 %    9 «Ә» - 60 %

Жалпы, оқу үздіктері – 18, екпінділер – 59, білім сапасы 56 %.

10 «А» - 80 %

10 «Ә» - 53 %

11 «А» - 65 %

Білім сапасы - 63 %.

**Ұсыныс:**

1. Білім сапасын төмен көрсетіп отырған 6 “Ә”, 7 “Ә”, 9 “А” сыныптарын мектепшілік бақылауға қойып, жұмыс жүргізу.

2. Пән мұғалімдерінің өз пәндерінің сапалы жүргізілуіне баса назар аудару.
3. Пән мұғалімдері оқушыларды қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалауды дұрыс жүргізу.
4. Пән мұғалімдері өзі сабақ беретін сыныптардың сынып жетекшілерімен үнемі байланыста болу.
5. Сынып жетекшілер өз сыныптарындағы оқушылардың білім сапасын басты назарда ұстап үнемі бақылап отыру.
6. Сынып жетекшілер ата-аналармен үнемі байланыста болып, ата-аналар тарапынан балаларының біліміне баса назар аударту.
7. Мектеп әкімшілігі білім сапасын арттыру мақсатында сабақтарға қатысып, бақылау жүргізіп, мониторинг жасап отыру.

Білім сапасы төмен пәндер мен сыныптар:

Алгебра – 7 а, 9 а – 50 %

Биология – 7 ә, 9 а – 50 %

География – 7 ә, 9 а – 50 %

Геометрия – 7 а, 9 а – 50 %

ДЖТ – 9 а – 50 %

Орыстілі – 6 ә – 50 %

Қазақстан тарихы – 9 а – 50 %

Физика – 7 ә, 9 а, 10 ә – 50 %, 53 %

Химия – 7 ә, 9 а – 50 %

Ағылшын тілі – 6 ә, 7 ә, 9 а – 50 %

Күн тәртібіндегі 2 - сұрақ бойынша “Бастауыш сынып бірлестігі” өз баяндамаларын оқып, іс-жүзіндегі тәжірибелерімен бөлісті. Бұл бірлестіктің мұғалімдерінің көтерген тақырыптары “Формативті бағалаудың тиімді әдіс-тәсілдері” еді.

Бастауыш сынып мұғалімі Нурмухамбетова С.С. аталмыш тақырыпта баяндама оқып, таныстырылым жасап өтті.

Бастауыш сынып мұғалімдері Дөненбаева С.Б., Бақытқызы Гүлназ формативті бағалау кезінде қандай бағалау түрлерін қолдануға болатындығын және қандай нәтижеге жетуге болатындығына тоқталып өтті.

Бағалаудағы түрлі белсенді әдіс – тәсілдер оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша мектеп психологі А.М.Канашева сөз кезегін алды. “Жақсы көңіл – күй жан азығы” психологиялық тренинг өткізілді. Мұғалімдерге арнайы психологиялық тренингтер ұйымдастырып, топтық ойындар ойнатылды. Жұмыстың көпқырлылығымен жақсы көңіл-күй сыйлап, бір сәтке күлкі әрі жан тыныштығын сыйлады.

Күн тәртібіндегі төртінші сұрақ бойынша ОІМ Унусаева Д.Б. сөз кезегін алды. “Педагогтерді жаңа аттестациялаудың ережелерімен” таныстырып өтті.



Кезекті аттестациялауға өтініш ұсынған ұстаздарға Е-портфолио толтыру нұсқаулығы түсіндірілді. Қажетті құжаттар мен негізгі талаптармен таныстырды. Аттестациядан өтуші мұғалімдердің тізімі таныстырылды.

Күн тәртібіндегі бесінші сұрақ бойынша ТІМ Г.Ж.Тагаева сөз кезегін алды. Мектеп бойынша ыстық тамақты ұйымдастыруға тоқталып өтті. Бракеражды комиссияның жұмысы туралы айтып өтті. Күнделікті екі ауысымда оқушылардың тамақтануы, мектептің ішкі тәртібіне тоқтатылды. Оқушылар кестеге сәйкес тамақтанғандықтан сынып жетекшілерге қадағалау тапсырылды. Мектеп бойынша ыстық тамақпен тегін қамтамасыз ету жұмыстарының барысы жалпылама түсіндіріп өтілді.

Әр түрлі мәселелер бойынша сұрақтар қойылып, сәйкесінше жауаптар алынды.

#### **Қаулы:**

1. Тоқсан қорытындысы бойынша төмен білім сапасын көрсеткен сыныптар мен жекелей оқушыларды қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.
2. Білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату мақсатында формативті бағалау әдіс-тәсілдерінің оңтайлы түрлерін пайдалану жүзеге асырылсын.
3. Кезекті аттестациялауға жататын ұстаздардың дайындығы, қажетті құжаттарды іріктеу жұмыстары жүргізілсін.
4. Мектеп бойынша ыстық тамақпен қамтамасыз етілу үздіксіз бақылауда болсын.

Дауысқа салынды.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы:  К.С. Байғалиев

Хатшы:

 Д.Д. Мухатова



«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

педагогикалық кеңес отырысының

№4 хаттамасы

03 сәуір 2023 жыл

Қатысқандар: 42

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде:**

- 1) 2022-2023 оқу жылының III тоқсанының білім сапасына сараптама. Ашимханов К.Т
- 2) Қорытынды аттестацияның ұйымдастырылуы . Ашимханов К.Т
- 3) Мұғалімдерді аттестациялау (сайыстарға қатысуы, е портфолионын тотырылуы)
- 4) Сабақты өткізуге цифрлық платформаларды қолдануың тиімділігі. Жаратылыстану бірлестігі.

**Тыңдалды.** Мектеп директоры К.С Байғалиев педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі сұрақтармен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша ОІМ Қ.Т. Ашимханов сөз кезегін алды. 2022-2023 оқу жылының III тоқсанының білім сапасы бойынша анықтама ұсынылды:

Бұл анықтама бойынша осы тоқсан бойынша сыныптар мен пәндер бойынша білім сапасы мынадай болып келеді:

Оқу үздіктерінің саны қырық алты, екпінді оқушыларды саны жүз он үш, білім сапасы алпыс екі пайыз.

2-4 5-9 сыныптарда білім сапасының қорытындысы келесідей болып келеді:

2 «А» - 75 % 4 «А» - 60 % 6 «А» - 50 % 8 «А» - 58 %

2 «Ә» - 77 % 4 «Ә» - 66 % 6 «Ә» - 57 % 8 «Ә» - 63 %

3 «А» - 80 % 5 «А» - 66 % 7 «А» - 58 % 9 «А» - 37 %

3 «Ә» - 61 % 5 «Ә» - 66 % 7 «Ә» - 45 % 9 «Ә» - 56 %

10 «А» - 80 %

10 «Ә» - 53 %



11 «А» - 58 %

Білім сапасы - 62 %.

Білім сапасы төмен пәндер мен сыныптар:

Алгебра-7 «ә» , 9 «ә»

Геометрия- 9 «а»

География -7 «ә», 9 «а»

Қазақ әдебиеті-9 «а»

Қазақстан тарихы-9 «а», 10 «ә»

Физика- 9 «а», 10 «ә»

Химия- 9 «а», 10 «ә»

Ағылшын тілі- 7 «ә», 9 «а»

**Ұсыныс:**

Білім сапасы төмен сыныптарды бақылауға қойып, мониторинг жасау.

**Тыңдалды.**

Мектеп директоры Байғалиев К.С сөз кезегінде төмендеу себептерін анықтап, пән мұғалімдері мен ОІМ жекелей тапсырмалар берді.

Күн тәртібіндегі II сұрақ бойынша ОІМ К.Т Ашимханов сөз кезегін алды.

**9-сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысанда өткізіледі.**

- 1) Қазақ тілі эссе нысанында жазбаша емтихан;
- 2) Математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;
- 3) Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;
- 4) Таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет , шет тілі , информатика бойынша жазбаша емтихан

**11 (12) сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:**

- 1) Ана тілі(оқыту тілі бойынша) эссе;
- 2) Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан;
- 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан;

**«Қ. Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-сі педагогикалық кеңес  
отырысының № 5**

**Хаттамасы**

31 мамыр 2023 жыл

Қатыскандар: 42

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде:**

- 1) 2022-2023 оқу жылының білім қорытындысы.  
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Т. Ашимханов
- 2) Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы.  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж. Тагаева
- 3) Мұғалімдердің рейтингісінің қорытындысы.  
Мектеп директоры Қ.С. Байғалиев
- 4) Қосымша сұрақтар.

**1. Тыңдалды:**

Мектеп директоры Байғалиев Қайрат Сыдықұлы педагогикалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі сұрақтарымен таныстырып өтті. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі 1-сұрақ бойынша ОІМ Қ.Т.Ашимханов сөз кезегін алды. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша:

Бастауыш сынып бойынша 81 оқушы аяқтады, 24 оқу үздігі, 31 оқу екпіндісі, білім сапасы 67% көрсетіп отыр.

Орта буын бойынша 136 оқушы аяқтады, үздіктер 13, екпінді 51, білім сапасы 47% , 10 «А», 10 «Ә», 11 «А» сыныптары бойынша 42 оқушы аяқтап, 3 оқу үздігі, 21 екпінді, 58% білім сапасын көрсетті.

Жалпы мектеп бойынша 259 оқушы аяқтап, 38 оқу үздігі, 103 екпінді, 57% білім сапасын көрсетті.

Пәндер бойынша білім сапасы төмендегідей болып келеді.

Алгебра – 65 %

Қазақ әдебиеті – 68%

Биология – 66%

Қазақ тілі – 70%

География – 64% Математика – 68%

Геометрия – 63 %

Орыс тілі – 67%

Джт – 70 % Қазақстан тарихы – 63%

Жаратылыстану – 75% Физика – 62%

Информатика – 79%

Химия – 64%

Ағылшын тілі – 67%

Білім сапасы төмен сыныптар:

Геометрия 9 «А»



Жаратылыстану 6 «Ә»

Қазақ әдебиеті 9 «А», 10 «Ә» - 50%

Қазақ тілі 7 «Ә»- 44%, 9 «А» - 50 %, 10 «Ә» - 46 %

Математика 6 «Ә» - 50%

Орыс тілі – 50%

Қазақстан тарихы – 6 «Ә» 43%

Физика – 9 «А» - 50%

Ағылшын - 9 «А» - 50%

### **Ұсыныстар:**

- 1) 4- тоқсан және жылдың қорытындысы бойынша білім сапасы төмен көрсеткен пән мұғалімдері БЖБ, ТЖБ сараптамаларын мектеп әкімшілігіне ұсыну.
- 2) Білім сапасы төмендетілген оқушыларға пән мұғалімдері қол жеткізуге тиіс оқу мақсаттары негізінде қосымша оқып-үйренуге тапсырмалар ұсыну және қадағалау.
- 3) Алдағы оқу жылында сынып жетекшілер мен ата-аналармен жұмыстың жүйелі жүргізілуін басты назарда ұстау.
- 4) Тоқсан, жылдың қорытындысы бойынша төмен білім сапасын көрсеткен сыныптар мектепшілік бақылауда болсын.

Сонымен қатар, бір сабақтан «3» бағасын алған оқушылар мен пән мұғалімдердің жауаптары сараланды.

Күн тәртібіндегі 2-сұрақ бойынша ТІМ Г.Ж. Тагаева сөз кезегін алды.

ҚР Еңбек Заңнамасына сәйкес балалардың жұмыспен айналысуын жүзеге асыруға сәйкес 10-сыныптардың 25 оқушысы 5-16 маусым аралығында 10 күн 30 сағат өндірістік іс-тәжірибеге жіберіледі.

Мектеп жанындағы үлескіде 5-8 сыныптар жұмыс кестесіне сәйкес еңбек іс тәжірибесінен өтеді.

5 «А» - 02.06-12.06 Жакупбекова Э.М.

5«Ә»-13.06-21.06 Аманжолова А.Т

6 «А» - 22.06-30.06 Мукаштаев Н.Н.

6 «Ә» - 03.07-11.07 Бакыт Г.

7 «А» - 12.07-20.07 Бейсенбина А.С.

7 «Ә»- 21.07-31.07 Болт Н.В.

8 «А» - 01.08.-09.08 Сулейменова С.М.

8 «Ә» - 10.08-18.08 Мухатова Д.Д.

Жалпы білім беретін мектептерде 1-4 сынып оқушыларына мектеп жанындағы «Айналайын» лагері 2 ауысымда жұмыс істейді.

1-ауысым – 05.06-23.06

Бала саны – 50.

Аз қамтылған, көп балалы отбасы бала саны – 23.

Басшысы – Бақыт Гүлназ

Тәрбиешілер: Мадыбаева А.О.

Қапез Ү.

Омарханова Б.

Үйірме жетекшілері: Нурбаева Д.Б.

Абиленова Г.С.

Спорт жетекшісі: Нысанғалиев А.А.

II – ауысым – 26.06-18.07

Бала саны – 56.

Аз қамтылған, көп балалы отбасы бала саны – 27.

Басшысы – Доненбаева С.Б.

Тәрбиешілер: Смагулова Г.Т.

Атымтаева Б.Т

Үйірме жетекшілері: Рахимғалиева А.Д.

Метеева Д.А.

Спорт жетекшісі: Нысанғалиев М.Т.

«Мейірім» сауықтыру лагеріне 24.06-03.07 аралығына 30 оқушы жіберіледі.

Алматы қаласына «Айналайын» лагеріне 17.07-26.07 аралығында Батырбек Қалиарыс, «Үржарайым» лагеріне 01.07-07.07 аралығына Саяқан Алпамыт жіберіледі.

Күн тәртібіндегі 3- сұрақ бойынша мектеп директоры К.С. Байғалиев сөз кезегін алады. Оқу жылы бойынша мектеп оқушылары мен пән мұғалімдерінің көрсеткен нәтижелері мен қатысқан сайыстарға сараптама жасалады. Ұсыныстар айтылады. Кемшіліктер аталды. Төмендегі тапсырмалар берілді:

- 1) Google Disk жұмысы жандандырылсын
- 2) Оқушылар жетістіктерін тоқсан бойынша қадағалау тапсырылады;
- 3) Мектеп формасы өзгерту мәселесін ата-аналар жиналысында қарастыру;
- 4) Лагерь басшылары мен үйірме жетекшілеріне жоспармен бөлісу тапсырылды;
- 5) Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Б.Г.Бейсенбинге көрме ұйымдастыру тапсырылды.
- 6) Мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуі, қолға алынуы тапсырылды;
- 7) «Ашықтық» қағидасын ұстану мәселесі назарға ұсынылды.



**Қаулы:**

1. 2022-2023 оқу жылының аяқталуына байланысты жылдық қорытынды бойынша үздік оқушылар марапатқа ұсынылсын;
2. 9, 11 сынып оқушылары мемлекеттік қорытынды емтиханға жіберілсін;
3. Оқушылар мен мұғалімдердің жетістіктерін есепке алу, сәйкесінше саралап отыру, ОІМ К.Т. Ашимханов, Д.Б.Унұспаеваға жүктелсін
4. Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы «Айналайын» лагеріндегі жұмыстардың жоспарға сәйкес өткізілуі ТІМ Г.Ж.Тагаеваға жүктелсін.
5. Мемлекеттік емтихан мен қорытынды аттестаттау бойынша барлық шаралардың ұйымдастырылуы мен өтуін қадағалау ОІМ К.Т. Ашимханов пен Д.Б.Унұспаеваға жүктелсін;
6. Жыл қорытындысы бойынша мұғалімдер мен оқушылар марапатталсын. Дауысқа салынды.

Қаулы бір ауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:  К.С. Байғалиев

Хатшы:  Д.Д. Мухатова



«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

педагогикалық кеңес отырысының

№ 6 хаттамасы

14 маусым 2023 жыл

Қатысқандар: 13

Қатыспағандар: 1

**Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылындағы 9-сыныптарда қорытынды аттестаттау қорытындысы (9-сынып жетекшілері, пән мұғалімдері)

Педагогикалық кеңес мүшелері:

Мектеп директоры: К.С.Байғалиев

Оқу ісінің меңгерушісі: Қ.Т.Ашимханов

Тәрбие ісінің меңгерушісі: Г.Ж.Тагаева

Мектеп психологы: А.М.Канашева

Мұғалімдер: Есмұрат Г., Т.М. Бажаева, Болт Н.В, Ж.Ж .Оразаева, Нысанғалиева Д.А, Солтыбаева Н.А

Хатшы: Д.Д. Мухатова

**Тыңдалды.** Мектеп директоры К.С.Байғалиев педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, дауысқа салды. Бірауыздан қабылданды. Сөз кезегі 9-сынып жетекшілеріне берілді.

**Сөйледі :** 9 «а» сынып жетекшісі Есмұрат Гүлсінай сөз кезегін алды.

9 «а» сыныбында барлығы 16 оқушы оқиды, барлық 16 оқушы мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырып шықты. Барлық емтихан тапсырып шыққан он алты оқушыны келесі 10 «а» сыныбына көшірілуін сұраймын.

1.Алимжанова Балжан

2.Амангелді Ажар

3.Жеңісбек Аман

4.Жеңісхан Оспаң



- 5.Жұмағали Елдос
- 6.Задорина Ирина
- 7.Қаирбеков Әмір
- 8.Құрметқан Қатила
- 9.Мәмет Серікбол
- 10.Мейрамхан Нұрлыбек
- 11.Нарынбек Арман
- 12.Нұрзат Жәния
- 13.Нұрзат Жанат
- 14.Тоқтарбай Перизат
- 15.Төлеген Серік
- 16.Ұланұлы Қайсар

**Сөйледі:** 9 «ә» сынып жетекшісі Д.А.Нысанғалиева сөз кезегін алды.

9 «ә» сыныбында барлығы 16 оқушы оқиды, барлық 16 оқушы мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырып шықты. Оның ішінде екі оқушыға негізгі орта мектепті үздік аяқтаған Ермұқамет Уәлинұр және Мұқит Шәрбатқа үздік аттестат берілуін, қалған 14 оқушыға да негізгі орта білім туралы аттестат берілуін сұраймын. Барлық емтихан тапсырып шыққан он алты оқушыны келесі 10 «ә» сыныбына көшірілуін сұраймын.

- 1.Адилбек Дархан
- 2.Ақан Есқат
- 3.Алмазқызы Аяла
- 4.Алмиса Балжан
- 5.Байгапанова Зарина
- 6.Ербол Елина
- 7.Ербол Мәрмәр
- 8.Еркінбек Қалимет

- 9.Ермұқамет Уәлинұр
- 10.Жеңісбекұлы Ұлағат
- 11.Жұмабек Дәулетберді
- 12.Қасымқан Қуаныш
- 13.Мұқаштаев Нұрәли
- 14.Мұқит Шәрбат
- 15.Төлеутай Айсана
- 16.Тұрсынбек Азамат

**Қаулы:**

1. 9 «а», «ә» сыныптары келесі сыныпқа көшіріліп, емтихан қортындысы бойынша негізгі орта білім туралы 30 аттестат және негізгі орта білім туралы 2 үздік аттестат берілсін.

2. 9 - сыныптарда өткен қорытынды аттестаттау нәтижесі, жетістіктері, кемшіліктері мониторинг бойынша анықталып, келесі 2023-2024 оқу жылында оқу білім үрдісінде басшылыққа алынсын.

Дауысқа салынды, қаулы бірауыздан қабылданды.

**Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы:**  **К.С.Байғалиев**

**Хатшы:**

 **Д.Д.Мухатова**





**«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ**

**педагогикалық кеңес отырысының**

**№ 7 хаттамасы**

20 маусым 2022 жыл

Қатысқандар: 13

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022 оқу жылындағы 11-сыныптағы қортынды аттестаттау туралы (11-сынып жетекшісі, пән мұғалімдері)

2. 11-сынып бойынша мақтау грамотасына ұсынылған түлектердің тізімін бекіту (11-сынып жетекшілері)

Педагогикалық кеңес мүшелері:

Мектеп директоры: К.С.Байғалиев

Оқу ісінің меңгерушісі: Қ.Т.Ашимханов

Тәрбие ісінің меңгерушісі: Г.Ж.Тағаева

Мектеп психологы: А.М.Канашева

Мұғалімдер: А.Т.Аманжолова, Т.М. Бажаева, Жакупбекова Э.М, Жаксыбаев С.Ж, Солтыбаева Н.А

Хатшы: Д.Д. Мухатова

**Тыңдалды.** Мектеп директоры К.С.Байғалиев педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, дауысқа салды. Бірауыздан қабылданды. Сөз кезегі 11-сынып жетекшісіне берілді.

**Сөйледі :** 11 «а» сынып жетекшісі С.Ж.Жаксыбаев сөз кезегін алды.

11 «а» сыныбында барлығы 15 оқушы оқыды, барлық оқушы мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырып шықты, 1 оқушыға, 1 оқушыға 13 оқушыға жалпы орта білім туралы аттестаты берілуін сұраймын.

1. Айқын Ерқанат

2. Ақан Өтелді

3. Думан Талғар.

3. Байжуминова Аружан
4. Бейсенгазыева Нұрай
5. Жеңісбек Айдана
6. Жеңісбек Мәдина
7. Жеңісканов Бауыржан
8. Жеңісқызы Алтынай
9. Кенжебек Динара
10. Мансұр Айсара
11. Өмержанова Дильназ
12. Сайлаубаев Бекжан
13. Табысбек Ақжолбек
14. Толегенов Еркін
15. Тұрсынажи Құралай
16. Тұрсынқан Сабина
17. Ұларбек Жұпар

Екінші сұрақ бойынша, мақтау грамотасына ұсынылған түлектердің тізімін бекіту бойынша 11-сынып жетекшісі сөз кезегін алды. Н.А.Солтыбаева : төмендегі оқушыларды мақтау грамотасына ұсынамын:

- 1) Бейсенгазыева Нұрай
- 2) Байжуминова Аружан
- 3) Кенжебек Динара

**Қаулы:**

1. «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ нің 2021-2022 оқу жылының қортындысы бойынша жалпы орта білім туралы аттестатты тізім бойынша 14 оқушыға және 1 оқушыға «Алтын белгі» аттестаты , 2 оқушыға «Үздік аттестаты» берілсін.
2. Жеке пәндерден үздік бітірген оқушыларға мақтау грамоталары берілсін.



3. 11-сыныптарда өткен қортынды аттестаттау нәтижесі, жетістіктері, кемшіліктері мониторинг бойынша анықталып, келесі 2023-2024 оқу жылындағы оқу-білім үрдісінде басшылыққа алынсын.


Дауысқа салынды, қаулы бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы:  К.С.Байғалиев

Хатшы:



Д.Д.Мухатова



3. 11-сыныптарда өткен қортынды аттестаттау нәтижесі, жетістіктері, кемшіліктері мониторинг бойынша анықталып, келесі 2023-2024 оқу жылындағы оқу-білім үрдісінде басшылыққа алынсын.

Дауысқа салынды, қаулы бірауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңес отырысының төрағасы  К.С.Байғалиев

Хатшы:



Д.Д.Мухатова

